

**Көкшетау қаласы әкімдігі жанындағы «№ 20 «Zerek» балабақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының**

**КЕЛІСІЛДІ**  
Қалалық білім бөлімі  
жалпы орта білім беру және  
қорғаншылық (қамқоршылық)  
секторының  
меңгерушісінің м.а

 **А. Жусупова**



**МКҚК**

**И. Каппасова**  
**2020 жыл**

**Педагогикалық кеңестің шешіміне  
сәйкес қабылданды**  
**«29.05» 2020 жыл № 5 хаттамасы**

**2020-2021 оқу жылына арналған оқу-тәрбие  
жұмысының жылдық жоспары**

**1 бөлім  
Мазмұны**

<b>Бөлімдер</b>	
<b>1.Бөлім Мазмұны</b>	1
<b>2.Бөлім МДҰ ақпараттық анықтамасы</b>	2
<b>3.Бөлім МДМ оқу жылы барысындағы жұмысына алгоритімдік сараптама (аналитикалық тарау)</b>	3-14
<b>4.Бөлім Салауатты өмір салтын ұйымдастыру</b> - ҰОҚ (дене шынықтыру) (ДШ) - Режим сәттері (РС) - Дене шынықтыру мерекелері (ДМ) - Рационалды теңдестірілген тамақтануды жүзеге асыру (РТТ) - Медициналық-педагогикалық бақылау (МПБ)	15-17
<b>Кадрлармен жұмыс</b> - педагогтарды аттестаттау (ПА) - біліктілікті арттыру (БА) - кластерлерде жұмыс (Әдістемелік бірлестік) (ӘБ) - жас педагогтармен жұмыс (тәлімгерлік) (ЖПЖ)	18-20
<b>Білім беру процесін ұйымдастыру</b> - педагогикалық кеңестер (ПК) - әдістемелік кеңестер (ӘК) - ҰОҚ - білім беру процесін ашық қарау (АҚ) - қорытынды сабақтар (ҚС) - «Рухани Жаңғыр»" бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жоспары	20-27
<b>Әлеуметтік тұрғыдағы жұмыстар</b> <b>1.Ата-аналармен қарым-қатынас (АҚ)</b> -ата-аналарға арналған кеңес беру пункті (АКП) - бірлескен іс-шаралар (БШ) - қамқоршылық кеңестің жұмысы (ҚКЖ) <b>2. Мектеппен сабақтастық (МК)</b> <b>3. Басқа әлеуметтік институттармен, ҮЕҰ қорларымен ынтымақтастық</b>	27-31
<b>Білім беру процесін бақылау және басқару</b> - фронтальды бақылау (ФБ) - салыстырмалы бақылау (СБ) - тақырыптық бақылау (ТБ) - жедел бақылау (ЖБ) - мониторинг (М) - өндірістік кеңестер (ӨК) - әкімшілік кеңестер (ӘК)	31-35

## 1.Бөлім

### МДМ туралы ақпараттық анықтама

**Мекеменің атауы:** Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «№ 20 «ZEREK» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын. Көкшетау қ., Аuezov көшесі, 119 үй.электрондық пошта [zerek20@mail.ru](mailto:zerek20@mail.ru)

**Қолданысқа енгізілген жыл:** - 2019жыл.

**ТҮРІ:**Балабақша.

**ТИП:**типтік, жасақталған.

**Бала бақшаның жобалық күші** - 280 орын.

**Жұмыс тәртібі:** 8.00-ден 18.30-ға дейін, балалардың 10,5 сағат болуымен.

Жұмыс аптасының ұзақтығы – 5 күн.

**МДМ басшысы туралы қысқаша ақпарат:** мектепке дейінгі мекеме басшысы - Каппасова Аяғоз Иманғазықызы. Жоғары білімді, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, «қазақ тілі және әдебиет» мамандығы бойынша 1999 жылы тәмамдаған. Жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, бұйрық №73 30.06.2017ж. Педагогикалық еңбек өтілі 27 жыл, меңгеруші лауазымында – 4 жыл. 2015 жылы Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжінде «Балапан» бағдарламасы бойынша 3 айлық курс өтті, біліктілігі «мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі».

**Кадрлармен қамтамасыздығы:**Балабақшада 33 педагог және 3қоса атқарушы педагог қызмет атқарады. Олардың – 3 жоғары санатты, 5 – бірінші санатты, 11 - екінші санатты, 17-санатсыз. 20 педагог – жоғары білімді, 16 педагог – арнайы орта білімді.

1 педагог сырттай университетте дәріс алууда.

**Топтардың саны:**Балабақшада 12 топ жұмыс жасайды. Мемлекеттік тілді оқу- тәрбие өтеді.

**Тәрбиеленушілердің контингенті:** балабақшаға балалар 3-тен 6 жас аралығында келеді.

**Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысы:** мектепке дейінгі Типтік оқу бағдарламасы, педагогикалық технологияларды қолдану арқылы: ойын технологиялары және интелективті-коммуникативті технологиялар, денсаулық сақтау технологиясы, тәжірибелік-эксперименталды және жобалау жұмыстары қолданылады.

Оқу қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандарты және мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің типтік ережелер негізінде жүзеге асырылады.

**Материалды-техникалық базасы:**

**Ғимарат-** 2 қабатты, типтік

**Жылу беру жүйесінің түрі** – орталықтандырылған.

**Сумен жабдықтау** – орталықтандырылған.

**Канализация** – орталықтандырылған.

### 3. Бөлім

#### 2019-2020 оқу жылындағы МДМ жұмысының нәтижесіне сараптама

Бала бақшадағы біліммен тәрбие беру Қазақстан Республикасының Білім беру стандарты және мектепке дейінгі білім мен тәрбие берудің Типтік бағдарламасының негізінде құрылған.

Жылдық жоспар ұйымдастыру-әдістемелік талаптарға сай жасалған, қалалық білім бөлімімен бекітілген. Жоспар 4 бөлімнен тұрады.

Жас ерекшеліктеріне байланысты әр топтарда білім беру үрдісі «Денсаулық», «Таным», «Әлеумет», «Катынас», «Шығармашылық» интеграциялық білім салалары негізінде жүзеге асырылады.

Балаларға білім мен тәрбие беру барысы баланың жеке даму қабілетіне және жас ерекшелігіне қарай жүргізіледі. Түзетушілік жұмыстары баланың жеке даму қабілетіне қарай және дифференциалды білім беру деңгейінде іске асырылады.

Бала бақшада «Робототехника», «Скалодром», «Құм жәшігі», Интерактивті панель «Alleo», «Сенсорика» кабинеттері жұмыс жасайды.

Бала бақша педагогтарының бағыты балаларға сапалы білім беру, педагогикалық ұжым инновациялық технологияларды қолданады: ӨТТШТ технологиясының элементтерін, денсаулықты нығайту технологиялары, ойын және дамыту технологиялары.

#### Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын талдау

Балалардың денсаулығын сақтау, балалардың бала бақшада болатын уақытында жақсы жағдайларды жасап, баланың психологиялық-эмоционалды тұрғыдан дамуына барлық жағдай жасап, одан әрі дамыту мәселелері 2019-2020 оқу жылының басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Бала бақша ғимараты гигиеналық талаптарға сай жабдықталған, ауа, ауыз су, электрлік жарық көзінің режимі барлық талаптарға сай сақталған.

Бала бақшада қауіпсіз, **комфортты** даму ортасы құрылған. Шынықтыру және алдын-алу шараларының жүйесі ұйымдастырылған: жылдың жылы күндері балалар таза ауада қабылданады, ауа ванналары, таңғы жаттығулар, түскі ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары (жалаң аяқ жүру, массажды жолақтармен жүру, ішкі киіммен ғана жүру), жеңіл киімдер, дәрумендерді қабылдау.

Бала ағзасының міндетті түрде жақсы өсуіне, нервті-психологиялық тұрғыдан дамуына, тамақтанудың рационалды тұрғы ұйымдастыру болды табылады.

Тәрбиеленушілерді сапалы тамақтандыру мақсатында, бала бақшада барлық жұмыстар жақсы тұрғыда ұйымдастырылған. 2017 жылдың 17 тамызындағы №615 бекітілген бұйрығы негізінде, «Мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мекемесінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай» сақталады.

Бала бақшада 5 мезгілді тамақтандыру ережесі ұйымдастырылған: таңғы ас, екінші таңғы ас, түскі ас, бесін, кешкі ас. Ас тарату тәртібі жас ерекшеліктеріне байланысты және күн тәртібінің негізінде таратылады.

Дене тәрбиесіне байланысты күнделікті жұмыстар жүргізіледі: таңғы жаттығу, дене шынықтыру сабақтары, спорттық іс-шаралар, қимылды ойындар және жаттығулар. Балалардың жан-жақты қалыптасуына бала бақшада барлық жағдайлар жасалған: музыка залы, дене шынықтыру залы, спорттық алаң, жас ерекшеліктеріне байланысты барлық топтарда дене шынықтыру бұрыштары жабдықталған.

Бала бақшаға алғаш қабылданатын балалар дәрігер мамандардың алдын-алу тексерістерінен өтеді және балалар емханасында тексерістен өтеді.

Дәрігерлер құрамы әкімшілікпен және педагог құрамымен алдын-алу іс-шараларын өткізуге, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға, күн тәртібінің сақталуын және тәрбиеленушілердің сапалы тамақтануына жауапты болып табылады.

Медицина қызметкерлері балаларға екпе жұмыстарының жұмысын жоспарлап, оларға екпе қабылдау мақсатында емханаларға жолдама береді.

Екпе қабылданған балаларды медицина қызметкерлері бақылауда ұстап, оларға қажетті құжаттарды толтырады. Алты жастағы балалар қызылша, паратит ауруына қарсы және де АҚДС екпелерін алады.

**Шешімі:** Бала бақшаның жалпы санитарлық-гигиеналық жағдайы СанПин талаптарының негізіне сай: ауыз су, ауа қабылдау тәртібі ережелерге сай орындалады. Педагогтар және дәрігер мамандар денсаулықты нығайтуға арналған барлық іс-шараларды жасайды.

**Ұсыныс:** Осы бағытта одан әрі де сапалы жұмыстарды жасауға, мына іс-шараларды қарастыру ұсынылады:

-денсаулықты нығайту технологияларын одан әрі нығайту мақсатында, педагогтардың жұмысына бақылау жүргізу;

-балалардың денсаулығын сақтап және нығайту мақсатында ата-аналармен ағарту жұмыстарын одан әрі жалғастыру.

- «Робототехника», «Скалодром», «Құм жәшігі», Интерактивті панель «Alleo» «Сенсорика» кабинеттерінде, ұйымдастырылған оқу қызметтерін және вариативтік компоненттерді өткізуді жалғастыру.

### **Барлық бағыттағы орындалған бағдарлама нәтижесіне сараптама**

Мектепке дейінгі оқу мен тәрбие берудің Типтік бағдарлама мазмұны және психологиялық-педагогикалық білім беру талаптар негізінде, білім беру үрдісі іске асырылуда:

1) білім беру қызметінде, баланың жас ерекшелігіне байланысты және жеке даму қабілетіне қарай түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану;

2) педагогтармен бірлескен жұмыстар нәтижесінде, мектепке дейінгі білім беру мамандарымен және бала ата-аналарымен, әр баланың қабілетіне қарай және баланы қызықтыратын бағыттар негізінде, білім беру қызметін құрастыру;

3) үлкендердің балаға сыйластықпен қарауы, баланың жақсы қылықтарын үнемі бағалау, өзінің қабілет, мүмкіндіктеріне сенімділікпен қарауға тәрбиелеу;

4) балалардың әлеуметтік жағдайда бейімделуіне және дамуына қажетті жағдайлар жасау;

5) педагогикалық кадрлардың кәсіби шығармашылығын арттыру;

6) баланың даму, тәрбие беру барысында кездесетін сұрақтарға педагогтар және ата-аналар тұрғысынан ақыл-кеңес беру.

Бала бақшада білім мен тәрбие беру үрдісі, мектепке дейінгі Типтік оқу бағдарламасы педагогикалық технологияларды қолдану арқылы, педагогикалық ұжым оқу жылы бойы жүзеге асыруда:

- ӨТТШТ (өнертапқыштар технологиясының шешу теориясы), элементтері.
- Дамытылып оқытылатын технологиялар,
- Ойын технологиясы,
- Денсаулықты нығайту технологиясы,

### **Басымдылық бағыты:**

Бала бақшаның басымдылық бағыты тәрбиеленушілердің потенциалды шығармашылығына бағытталған, инновациялық технологиялармен жұмысы және де олардың интеллектуалды тұрғысына байланысты құрылған.

«Робототехника», «Скалодром», «Құм жәшігі», «Сенсорика» кабинеттерінде және Интерактивті панель «Alleo» де ұйымдастырылған оқу қызметтері, күннің екінші жартысында вариативтік компоненттер өткізіліп отырады.

Бала бақша педагогтары жұмыс барысында ӨТТШТ технологиясының элементтерін қолданады, білім беру үрдісінде бұл технологияны қолдану өте қолайлы болып табылады, педагогтардың шығармашылық ізденістері жаңа инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін ендіріп және балалармен жұмыс тәсілдерін үйретуге жол берді.

### **МДМ орындалған жылдық жұмыс есебіне сараптама:**

-*Жылдық жоспардың бірден-бір негізгі есебі* «Білім беру жүйесінің талаптары негізінде, инновациялық интерактивті-коммуникациялық технологияларды белсенді енгізу.

Оқу жылы бойы педагогтар «Робототехника», «Скалодром», «Құм жәшігі», «Сенсорика» кабинеттерінде және интерактивті панель «Alleo» құрылғысын пайдаланып жұмыстар жүргізілді.

«Робототехника» кабинеті, бұл кабинетте арнайы білімі бар мұғалім ересектер және ортаңғы топ балаларымен вариативтік компонент жұмысын жүргізді. Құрастыру барлық мектепке дейінгі жас кезеңдерінде қарапайымнан күрделіге өту негізінде қолжетімді ойын

формасында жүргізіледі. Құрастыру әрекеті бас пен қолдың бірдей жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады, сонымен қатар мидың екі жартысы жұмыс істейді, ол баланың жан-жақты дамуына әсер етеді. Бала ауызша есептеу мен санның құрамын біліп, қарапайым арифметикалық әрекеттер жасайды. Үйірме жұмысы техникалық өнім-моделін өз бетінше әзірлеу бойынша логикалық ойлауының дамуына, білік пен дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Білім берудегі робототехника өз алдына жаңа, өзекті педагогикалық технологияны ұсынады. Робототехникалық құрал-жабдықты қолданумен балаларды оқыту бұл бір мезгілде ойын барысындағы оқыту мен техникалық шығармашылық болып тасбылады. Ол белсенді, жігерлі, өзін-өзі қамтамасыз ететін жаңа түрдегі адамдарды тәрбиелеуге ықпал етеді

«Скалодром» кабинетінде дене шынықтыру нұсқаушысы ересектер топтарымен вариативтік компонент өткізіп отырды. «Интеративті скалодром» үйірмесінің басты мақсаты балалардың физикалық белсенділігіне жағдай жасау үшін ойлап табылған. Балалар тек ептілік пен үйлестіруді ғана емес, сонымен қатар барлық бұлшықет топтарын нығайтуға арналған.

Интерактивті скалодром тек спорттық ұйымдастырылған оқу қызметімен шектеліп қана қоймайды, сонымен қатар балалардың математикалық дағдыларын дамыту, зейін, ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттыру.

«Құм жәшігі», кабинетінде барлық топ тәрбиешілері вариативтік компонент өткізіліп отырды

Құмдық терапия – бұл педагогика мен психотерапиядағы қолданылатын аса ерекше әрі қызықты әдістердің бірі болып табылады. Табиғи материалмен, яғни құммен әрекеттесу баланың ғана емес, ересектің де эмоционалды жай-күйіне жағымды әсер етеді.

Интерактивті құмсалғыш классикалық әдістің шекаралары мен мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл құм кеңістігін толықтай модельдеуге, қалаған суретті жасауға мүмкіндік береді. Сипатталған ойындар топтық және жеке ҰОҚ де жарамды.

2 жастан 18 жасқа дейінгі балалармен жұмыс, сондай-ақ отбасымен психотерапиялық жұмыс үшін қолайлы болып табылады.

Интерактивті құмсалғыш көптеген мәселелер мен тапсырмаларды шешудің тамаша құралы болып табылады. Жас балалармен жүйелі түрде өткізілетін сабақтар ЗРР алдын алуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Балалар білім беру орталықтарында интерактивті құмсалғышты қолдану «Танымдық даму» білім саласының талаптарына сәйкес келеді. Мұндай ҰОҚ әлемнің тұтастығы туралы бейнгені қалыптастыруға, танымдық қабілеттерді кеңейтуге және танымдық зерттеу әрекеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бейімделу кезінде білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсетілді. «Сенсорика» кабинеті арқасында балалардың бейімделу кезеңі сәтті өткенін көрсетті. Бейімделудің кейбір қиындықтары жиі ауыратын балалармен болды. Дамуында типтік проблемалары бар (агрессивті, гипербелсенді, ұялшак және үрейлі) балалармен жұмыс істеуге ерекше назар аударылды.

Интерактивті панель «Alleo» құрылғысын пайдаланып тәрбиешілер мен мамандар ұйымдастырлығын оқу қызметтерін өткізіп отырды.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс - тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Интерактивті панель «Alleo» тәрбиешінің топтағы әрбір балаға ақпаратты тиімді жеткізуіне көмектеседі, әр түрлі бағытта оқытуды және ҰОҚ беруді өзгертуі мүмкін.

Бұл панель ақпараттарды әр түрлі мультимедиялық ресурстардың көмегімен жеткізуге мүмкіндік береді: тәрбиешілер мен балалар материалдарды түсіне және жете толық игере алады. Қиын мәселелерді жеңіл түсіндіріп, кестелерді беруде өте ыңғайлы. Жалпы білім беру жүйесінде үйреншікті дағдыдан үйлесімді, күрделі сабақтастықтарды қамтуға, жаңа ақпараттық, компьютерлік жабдықтармен жұмыс істеуге көшу – қазіргі заман талаптарынан уындап отыр.

Интерактивтік панель арқылы балаларға дидактикалық материалдармен қоса әр түрлі шығармаларды электронды оқулықтан тыңдатуға болады. Сонымен қатар айта кетерлік тәрбиеші ғана емес, балада тақтаны қолдана алады, мысалы айтқанда заттарды үлкейту немесе керісінше кішірейту, бір затты биік немесе аласа түрін көрсету, көптеген суреттерді алып соған байланысты жұмбақ құрастыру, сөйлем құрау. Өз тәжірибелерінде педагогтар ұйымдастырылған оқу қызметі тартымды және динамикалы түрде жеткізу үшін интерактивті панельді мүмкіндігінше пайдаланды.

**Шешімі:** әзірленген жұмыс жоспарының негізінде, бала бақшаның оқу-тәрбие беру үрдісінде АКТ ендіру жұмыстары белсенді қарқынмен жүргізілуде.

**Ұсыныстар:** бала бақша өмірінде АКТ ендіру жұмыстарының сапалы қалыптасуы мақсатында мынадай ұсыныстар қойылады:

-Тәрбиешілерге және басқа педагог-мамандарға әдістемелік көмек көрсетулері керек.

- АКТ ендіру мақсатында жасалған жұмыс жоспары негізінде, педагогтардың жұмыс тәжірибесінен әдістемелік құралдар басып шығару.

- әдістемелік семинарлар, ашық сабақтар, ақыл-кеңестер, онлайн сабақтар өткізу іс-шараларын жоспарлау.

**Бала бақшадағы тәрбие жұмыстарының есебі:**

-Тәрбиенің басты мақсаты жан-жақты, жалпы адамгершілік тұрғыда, ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеу болып табылады.

Жалпы қоғамдық модернизацияның басты мақсаты ұлттық мәдени-гинетикалық кодты сақтау, оның басты фундаменті – «патриоттық рух» болып табылады. Құндылықтарды сақтай отырып, патриоттық сезім – мемлекеттік стратегияның ұлттық негізі болып есептеледі. Оның бір негізі махаббатқа, өзінің туған қаласына, туған еліне, жеріне, Отанға деген сезімдермен теңеледі.

**«Рухани жаңғыру»**

«Оқу-тәрбие білімі» жан-жақты тәрбие және патриоттық рухта тәрбиелену.

2. «Атамекен» - азаматтық белсенділік танытып, кішкентай отанының тағдырына жауапкершілікпен қарау

3. «Рухани қазына» - қызығушылық тудырып және салт-дәстүрге, тарихқа және туған өлкенің мәдениетіне сыйластықпен қарау.

4. «Ақпарат толқыны» - ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, жалпы ата-аналар жиналысын өткізу арқылы, Бағдарламаның іске асырылуы туралы ақпаратпен ата-аналарды хабардар ету. І кезең шығармашылық топтың, тәрбиешілер, педагогтардың шешімімен ұсынған іс-шаралар бойынша жұмыс жоспары құрылған. Бала меңгерушісі педагогикалық жиналыста «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ұжымға түсініктеме берді.

ІІ кезеңде бала бақшада іс-шаралардың өткізілуі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және өскелең ұрпаққа саналы тәрбие беріп, Отан, туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін жандандыру мақсатында бала бақшада Қазақстан халқының тілдер күні, еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету, «Ұлттық ойындар – денсаулыққа апарар жол» отбасылық дәстүрлі фестиваль, туған өлке жайында тақырыпты сабақтар, іс-шаралар өткізілді. «Менің Отаным – Қазақстан!», «Туған өлкеме Жаңа жыл келді» тақырыбында кішкентай суретшілердің көрмесі ұйымдастырылды.

Балаларды кішкентай жасынан кітап оқуға баулу мақсатында, қазақ тілі кабинетінде қазақстандық жазушылардың балалар шығармашылығына арналған туындылары қойылған арнайы сөрелер құрылды. Ата-аналар жиналысында педагог-психолог «Менің отбасым – менің тірегім» тақырыбында тренинг өткізді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында, логопедтік топ тәрбиешілері ата-аналармен бірлесіп ата-аналармен бірлесіп «Ата-анам және мен – дені сау отбасы» тақырыбында көңілді сарт ойындарын өткізді. Оқу жылының аяғына дейін біршама қызықты іс-шаралар өткізу жоспарланған.

Жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарға бала бақшаның тұрмыс-тіршілігінен, қызмет түрлерінен, «Рухани жаңғыру» - «Туған жер» бағдарламасы бойынша түсініктеме жұмыстары жүргізіліп, толық ақпарат берілді.

- Бала бақшадағы балаларға тәрбие берудің басты мақсатының бірі – балалардың жол жүру ережелерін мұқият есте сақтап, көшеде және жолда үнемі өзін бірқалыпты көңіл-күйде ұстап, жақсы қылықтарды бойына қалыптастыру болып есептеледі. Топтың жұмыс циклограммасында, баланың шығармашылықтан бос мезгілінде де ЖҚЕ жұмыс жоспарымен қамтылған.

2019 жылдың қыркүйек айынан бастап, тәрбиеленушілердің жол жүру ережелерін қатаң сақтауына байланысты топтық 9 іс-шара өткізілді. Бала бақшада балаларды ЖҚЕ үйрететін арнайы жолақтар бар. Топтарда ЖҚЕ материалдарымен қамтылған арнайы бұрыштар жасақталған. Тәрбиешілер ата-аналармен бірлесіп үйлердің, жолдардың, қиылыстары бейнеленген көшелер, жол белгілері және бағдаршамы бейнеленген макеттерді жасады. Жыл сайын жас ерекшеліктеріне байланысты, әр топқа арнайы мақсаты, міндеті көрсетілген перспективті жоспар даярланады.

- Біздің тәрбиеленушілер қалалық, облыстық конкурстарға, іс-шараларға қатысады.

« Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...» атты балалар мен жасөспірімдер және жастар арасында өткен республикалық байқауда көркем сөз жанры бойынша жоғары дәрежеде өнер көрсеткені үшін Азамат Айгерім және Серік Меруерт I орын иеленді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне облыс әкімі Е.Маржықпаев Асқар Сезімнің әке- шешесіне патриотты рухта бала тәрбиелеген үшін алғыс табыстады.

Қалалық « Жас суретші» конкурсында «Білгіштер» номинациясына Букаева Айя және Курманғалиева Амелия марапатталды.

Қалалық «Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауына белсенді түрде қатысамыз. Қалалық «Ханталапай» сырттай сайысына қатысып, « Ең үздік фотоколлаж» номинациясынан жүлделі II орынды иелендік.

#### **Әдістемелік тақырыптағы жоспардың орындалуына сараптама**

Бала бақшадағы әдістемелік жұмыс – педагогтың кәсіби біліктілігін жетілдірудегі, барлық ұжымның шығармашылық потенциалын көтеріп, тәрбие мен білім беру үрдісін жетілдіретін негізгі жолы болып табылады.

**Бала бақша педагогтарымен әдістемелік жұмыстың мақсаты** - тәрбиеленушілерге сапалы білім берумен қамту, оқу-тәрбие беру үрдісін модернизациялау.

Есебі :

1. Педагогикалық шығармашылық жетілдіру.
2. Білім беру үрдісінде қатысушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.
3. Педагогтардың өз білімін жетілдірудегі қажеттіліктерін қалыптастыру.

Алдына қойған мәселелерді шешу мақсатында, бала бақшада жүйелі құрылған жоспарда жұмыстар жүргізілді. Әдістемелік қызмет түрі педагогтардың күнделікті еңбек тәжірибесімен ұштала отырып, жыл бойы жүргізіледі. Әдістемелік қызметтің басты міндеті барлық педагогикалық ұжым мүшелеріне көмек күшін көрсету болып табылады. Әдістемелік жұмыстардың дәстүрлі және инновациялық түрлері қолданылуда. Педагогикалық кеңес - әдістемелік жұмыстың жоғары түрі болып саналады. Бала бақшада (5) педагогикалық кеңес өткізіледі, онда теориялық және тәжірибелік материалдар қарастырылады: (баяндамалар, хабарламалар, аналитикалық материал, арнайы бағыттағы жұмыс жағдайының сараптамасы, мониторинг және диагностика қорытындысы, әдістемелік ұсыныстар, жалпылама, жұмыс тәжірибесін жалпылау, педагогикалық ізденістер).

Педагогтардың білім деңгейін көтеру формасы – әдістемелік кеңес .

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ашық сабақтарға қатысқан өте ыңғайлы, онда әріптестердің, мамандардың сабақ беру мәнерін көріп, өзіне ұнаған тұстарын алуға болады. Сонымен қатар педагогтар жалпы білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне сараптама жасап, педагогтың өзі де сапалы білім беру үрдісіне өз үлесін қоса алады.

Жыл бойы барлық топ тәрбиешілері пәндік-дамытушылық ортасын дамыту барысында көптеген жұмыстар жүргізді. Барлық топтардың даму орталары қызықты ойын материалдарымен толықтырылды. Топтардағы дамыту орталарының сараптамасы жақсы көрсеткіштерді берді, бұл жерде педагогтар шығармашылық тұрғыда жақсы көрсеткіштерге ие болды. Топтарда ойын бұрыштары жаңартылды, бірақ әлі де топтардағы дене шынықтыру, ән-күй және сюжетті-рольдік ойындар бұрышының құралдары жеткіліксіз.

**Шешімі:** топтардағы даму орталарын келесі мақсатта толықтырып, жетілдіру: толық мазмұнды, вариативті, қол жетімді және қауіпсіз ету.

**Балалардың даму деңгейіне сараптама**

Жыл бойы педагогтармен балалардың білім деңгейін меңгеруіне мониторинг жүргізілді. Онда балалардың даму деңгейін анықтап, үлгерімі төмен балалардың не себептен үлгермеуіне бақылау жасап, үлгерімі төмен балалармен қосымша жұмыстар жүргізу. Мониторинг жылына 3 рет өткізілді (старттық, аралық, қорытынды), бұндағы мақсат балалардың оқуына педагогтың сараптама жасауына мүмкіндіктің туындауы.

Мектепке дейінгі білім мен тәрбие берудің Типтік бағдарламасы барысында, тәрбиеленушілердің білім деңгейіне жасалған **бастапқы** мониторингының сводтың тізбесі

Барлық бала (мониторинг бойынша)	I деңгей	II деңгей	III деңгей	% білім сапасы
270	137-51%	108-40%	25 -9%	49%

Мектепке дейінгі білім мен тәрбие берудің Типтік бағдарламасы барысында, тәрбиеленушілердің білім деңгейіне жасалған **аралық** мониторингының сводтың тізбесі

Барлық бала (мониторинг бойынша)	I деңгей	II деңгей	III деңгей	% білім сапасы
282	63 – 22%	155- 55%	64 – 23%	73%

Мектепке дейінгі білім мен тәрбие берудің Типтік бағдарламасы барысында, тәрбиеленушілердің білім деңгейіне жасалған **қорытынды** мониторингының сводтың тізбесі

Мониторинг бойынша барлық балалар саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
279	37 - 13%	173- 62%	69- 25 %
<b>білім сапасы – 86 %</b>			

Әдістемелік нұсқамалар негізінде, балалардың білімі мен қабілетіне төмендегі сұлба бойынша мониторинг жүргізілді.

- әр баланың даму көрсеткіші (баланың жеке даму картасы);
- жалпы топтың даму көрсеткіші (жас ерекшеліктеріне қарай жасалған есеп);
- мектеп жасына дейінгі мекеме балаларының даму көрсеткіші(бала бақша бойынша жасалған есеп)

**Шешімі:** Сараптама нәтижесіне қарап мынадай шешім қабылдауға болады: 2019-2020 оқу жылындағы білім беру қызметі жақсы нәтиже берді. Білім жүйесіндегі жаңартылған оқу бағдарламасы, жоспарға кіріктірілген тақырыптар, педагогтардың заманауи технологияларды орынды қолдану арқылы, балаларға сапалы білім беріліп, жақсы көрсеткішке қол жеткізілді.

**Педагог кадрлармен жүргізілген жұмыстың сараптамасы**

Балабақша педагогтарының алдына қойған мәселелер, бағдарламаның негізгі бағыттары, ҚР «Білім туралы» заңы,білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.

Жас ерекшеліктеріне қарай, білім беру үрдісі «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Әлеумет» интеграциялық білім беру облыстарының негізінде іске асырылуда. ҰОҚ-ң кәсіби педагогтар жүргізеді. Тәрбие мен білім беру үрдісі баланың жан-жақты дамуына байланысты жоспарланып, өткізіледі. Түзетушілік жұмыстар баланың қажеттілігіне қарай жеке және дифференциалды түрде оқытылады.

Біздің балабақшаның педагогикалық ұжымы жас мамандар, сондықтан алдымызда көп жұмыс барын білеміз, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіп, педагогтарды өзіне сенімді сапалы нәтижелелерге қол жеткізе білетін сенімдері мол, белсенді ұстаздарды тәрбиелеу біздің алға қойған мақсатымыз.

Бала бақша педагогтарының қызметінің бағыты балаларға сапалы білім беру, педагогикалық ұжым заманауи педагогикалық технологияларды пайдалануда: ӨТТШТ технологиясының элементтері, ойын технологиялары, денсаулықты нығайту технологиялары, дамытушылық технологиялары.

Оқу тәрбие жұмыстарын 23 тәрбиеші, 2 музыкалық жетекші, 2 дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы, 2 орыс тілі мұғалімі, ағылшын тілі мұғалімі, психолог, робототехника мұғалімі, логопед жүргізеді.

Бала бақшада 32 педагог қызмет атқарады. Олардың ішінде: 15 педагог – жоғары білімді, ол 47% құрайды; олардың ішінде мектепке дейінгі жоғары білім – 2 педагогта – 5%, арнайы орта білім – 5 педагогта – 16%, мектепке дейінгі арнайы орта білім – 12 педагогта – 37%.

Жоғарғы санатты – 3 педагог, ол - 9%; бірінші санатты – 3 педагог - 9%, екінші санатты – 9 педагог - 28%, жас мамандардың – 18 педагогы санатсыз 56% құрайды.

Көрсеткіштер	2019- 2020 оқу жылы
Кадрлармен қамтамасыздығы	36
Білім деңгейі	Жоғары - 20 педагог 56 % Арнайы-орта- 16 педагог 44%
Педагогтардың кәсіби деңгейі	Жоғары – 3 педагог 8 % 1 санат – 5 педагог 14% 2 санат -11 педагог 30% Санатсыз 17 педагог 50%
Еңбек өтілі бойынша деңгей көрсеткіші	5 жылға дейін- 16 педагог 50 % 5-10 жыл- 4 педагог 12 % 10-20 жыл-9 педагог 28 % 20 жылдан жоғары-9 педагог %

**Шешімі:** жоғары мен бірінші санаттың көрсеткіші жалпы есеп бойынша - 19 % құрайды.

Алдын-ала даярлық курстарынан өткен педагогтардың сертификаты растайды.

**2019-2020 жылдар аралығында кәсіби деңгейлікті көтеру және алдын-ала даярлық курстарынан өткендер**

№	Педагогтың аты- жөні	Өткен жылы
1	Мажитова Г.М	2020
2	Ахметова Ж.Е.	2020

Алдын-ала даярлық курстарынан өткен педагогтардың сертификаты растайды.

2019-2020 «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуында ІТ технологиясын қолдану» курсынан өткен педагогтар

№	Педагогтың аты- жөні	Лауазымы
1	Каппасова А.И.	менгеруші
2	Калжанова Е.А.	әдіскер
3	Капарова Ж.У.	Орыс тілі мұғалімі
4	Газизова М.Б	тәрбиеші
5	Искакова Ш.С.	тәрбиеші
6	Өрхонбай Е.	тәрбиеші
7	Серикова И.О.	тәрбиеші
8	Ескараева Л.А.	тәрбиеші
9	Айтеева Ш.Е	тәрбиеші
10	Азамата.	тәрбиеші
11	Мажитова Г.М.	тәрбиеші
12	Абилькадирова С.Б.	тәрбиеші
13	Кожаметова А.О	тәрбиеші
14	Олжабек А.	тәрбиеші
15	Гомбо С.	тәрбиеші
16	Асылбекова С.А.	тәрбиеші
17	Боташ Р.М	тәрбиеші
18	Депу М.	тәрбиеші

19	Нурғалиева А.	тәрбиеші
20	Бауыржан Г.	тәрбиеші

**Педагогтардың кәсіби шеберлікті шыңдау, инновациялар конкурстарына, қалалық, облыстық, республика деңгейіндегі сайыстарға қатысулары**

Тәлімгер мен жас маманның дуэті	Кибатова Б.Ж Гиззатов А.	Қалалық білім бөлімі	МДМ педагогтары	Номинация «Шығармашыл педагогикалық дуэт»
Қалалық конкурс «Үздік тәрбиеші - 2020»	Кибатова Б.Ж.	Қалалық білім бөлімі	МДМ педагогтары	Номинация «Педагог-зерттеуші»
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...	Азамат Айгерім	Республикалық байқау		I- орын

<b>Іс-шаралар</b>	2019-2020
Курстарға бару	2
Семинарларға, конференцияларға қатысу	0
Мақалалар жариялау	2
Әдістемелік құралдарды шығару	0
Ашық сабақтар, шебер-сыныптар өткізу	5
Халықаралық жәрмеңкеге қатысу (форум)	0
Педагогтардың кәсіби конкурстарына қатысу	2

**Шешім:**

1. Педагогикалық ұжымның алдына қойған мақсат, мүдделерге сай педагогикалық кадрлармен осы жүйеде жұмыстар жүргізілуде.

2. Педагогтардың кәсіби біліктілігін, шеберлігін шыңдауда және педагогтардың шығармашылық тұрғыдан жұмыстар жасауына бала бақшада барлық жағдай жасалған.

**Ұсыныстар:** Қалалық, облыстық, республикалық деңгейде бала бақша педагогтарының арасында жұмыс тәжірибесімен бөлісуге, жалпылауға арналған жұмыстардың одан әрі жалғастыру.

Қазіргі таңда бала бақша мектепке дейінгі мекеме қызметкерлермен толық қамтылған, тату-тәтті, ауызбіршілік ұжымда орнаған, бір мақсат, мүдде үшін жұмыстар жүргізіледі. Тұлғалық және кәсіби тұрғыдан педагогтардың өсуіне, белсенді дамуына жағдай жасалған.

**Әлеуметтік жұмыстардың сараптамасы**

**1. Ата-аналармен жұмыстың сараптамасы**

Білім беру саласына бірден-бір жауапты тұлға болып, ата-ана саналады. Ата-аналар жұмыс заманауи талаптардың басты маңызы болып саналады. Педагогикалық ұжым барлық мәселелер бойынша ата-аналарды хабарландырып отырады, әртүрлі бақшааралық іс-шараларға ата-аналар қатысып, қажет жағдайларда көмектерін де тигізуде.

Бала бақшада барлық мерекелерге арналған іс-шаралар өткізіледі.

Ата-аналар оқу-тәрбиесінің оқу-тәрбие процесі қатысушылары. Олар педагогтарға спорттық мейрамдар, отбасылық газеттер шығарады, қалалық экологиялық акциялар мен байқауларға қатысады, ашық есіктер күніне, т.б. іс-шараларға қатысады.

Педагогтар мен ата-аналардың өзара-қарым-қатынасының тиімділігі ортақ мерекелер мен бос уақыттардың ұйымдастырылуы болып табылады («Күзгі бал», жаңа жылдық ертеңгіліктер, наурыз мерекесі).

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруда басты рөлді көрнекі ақпаратқа аударамыз. Оның басты мақсаты – ата-аналарды МДҰ тәрбие беру әдістерімен, мазмұнымен, міндеттерімен таныстыру, отбасына тәжірибелік көмек көрсету. Ата-аналарға ақпарат «Сіздер үшін ата-аналар» стендтарында жарық көрді. Балалардың жұмыстарын көру ата-

аналарда үлкен қызығушылық тудырады. (сурет салу, жапсыру, табиғи материалмен құрастыру).

Тәрбиешілер ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу формалары туралы тәжірибе алса, ал ата-аналар біздің бақшамыздың өмірі туралы, тәрбиеленушілердің оқып, тәрбие алуы туралы көп қызықтарды білді. Ата-аналар балалардың ойындары, балабақшаға бейімделуі, мектепке дайындығы туралы кеңестер мен тәжірибелік білім алды.

**Қорытынды:** ата-аналармен бірлесіп жасаған жұмыстар бала бақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, әр баланың даму үрдісінде жақсы нәтижеге қол жеткізуге өз көмегін тигізуде.

**Ұсыныстар:** бала бақша мен жанұяаралық қарым-қатынасты жұмыстарды одан әрі түрлі заманауи формаларды қолдана отырып жалғастыру.

Консультативтік-пунктін жұмысын жандандыру. Балабақша сайтында балабақшаға балалары бармайтын ата-аналарға арналған бөлім ұйымдастыру.

## **2. МДМ мектеппен, театр, мұражай, кітапхана және т.б мекемелермен қосылып жасаған жоспарларды орындау**

-Әлеуметтік орта туралы көз қарастарын кеңейту үшін балабақша қаладағы драм театрлармен және облыстық филармониямен тығыз жұмыс жасайды (көріністер мен спектакльдерге бару). Тәрбиеленушілер қаладағы мұражайларға барып отырады.

## **3. БҚК қызметін талдау (балаларды отбасында тәрбиелеп жатқан ата-аналарға арналған кеңес беру пункті)**

Мектепке дейінгі мекемеге бармайтын балалар мен ата-аналарға арналған кеңес беру пункті жұмыс жасайды.

Кеңес беру пункті ҚР «Білім туралы» Заңының, Мемлекеттік мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру стандартының талаптары негізінде құрылған. Осы қызметті жандандыру мақсатында мынадай құрам бөлінді: кеңес беруші мамандарды анықтау – әдіскер Қалжанова Е.А., педагог-психолог Альпеисова Г, логопед-маман Шаяхметова Д.А., медбике Мажитова К.Е., диетбике Тлегенова К.Н.; мамандардың белгіленген жұмыс уақыты – дүйсенбі, бейсенбі-психолог, логопед-маман, сейсенбі, сәрсенбі – әдіскер, медицина қызметкерлері;

- кеңес алу мақсатында ата-аналардың мамандарға жүгінген қажеттіліктері арнайы журналға толтырылады. Ата-аналарға кеңесті мамандар өз кабинеттерінде береді. Бүгінгі күні 8 жанұя балабақша мамандарынан кәсіби ақыл-кеңес алды. Бала бақшаның кеңес беру пунктінің жұмысы туралы ақпарат интернет-ресурс және қағаз жүзіндегі жазбаша хабарландырулар арқылы іске асырылады.

**Қорытынды:** кеңес беру пунктінің мамандары ата-аналарға қажетті әдістемелік, практикалық көмек көрсетті.

**Ұсыныстар:** кеңес сұраған ата-аналар тарапына педагогикалық сауаттылықпен көмек қолын одан әрі ұсыну.

## **4. Қамқорлық кеңесінің қызметін сараптау.**

Балабақшада Қамқорлық кеңесін құру келесі оқу жылына жоспарланды.

**Шешімі :** Қамқорлық кеңесін құру, жұмыс жоспары бар.

**Ұсыныстар:** Жаңа оқу жылында қамқорлық кеңесін құру.

**Балалар өмірін қауіпсіздендіру мақсатында, балабақшада** – барлық жағдай жасалған – өрт сөндіру және қауіпсіздік ережелері ТЖ барлық нормаларына сай жасалған. Балабақша оқу-жаттығу іс-шаралары өткізілді, осындай оқу-жаттығу іс-шарасына Көкшетау қалалық білім беру бөлімінің өкілі және ТЖ департаментінен өкіл қатысты.

Өрт дабылы, дабыл беру нүктесі жұмыс істеп тұр. Мекеме тәулік бойы күзетіледі. МДМ қауіпсіздік қызметіне меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары жауапты.

Ата-аналар комитетінің мүшелері кезекпен бала бақшаның педагогикалық кеңестеріне қатысады. 2019 жылдың қазан айында ата-аналар комитетінің жалпы құрамы сайланды. Ата-аналар комитетінің төрайымы болып Жумабаева Айгуль Сайрановна тағайындалды.

Жалпы ата-аналар комитетінің мүшелері жалпы балабақшалық, қалалық, облыстық іс-шара дайындықтарына және іс-шараларға, бала бақшадағы балалардың жазғы-сауықтыру іс-шараларына қатысады.

**Жалпы шешімдер:**

Бала бақшаның барлық жұмысы: әр жанұядағы тәрбиеленушінің құрылған серіктестік жұмысы барысында; баланың жан-жақты дамып, тәрбиеленуіне; баланың қызығушылық арттыратын элементтерді қолдана отырып құрылды. Педагогикалық ұжымның басты бағыты, әлеуметтік тұрғыдан саяхат жасау (мектепке, театрға, мұражайға, кітапханаға) болып табылады.

**Жалпы ұсыныстар:**

Ата-ана-бала – педагогикалық және әлеуметтік серіктестікте құрылған жұмыстарды одан әрі жандандырып, жалғастыру. Балаларды тәрбиелеп, дамытудағы жұмыстарды жалғастырып, эмоционалды, жалпы қызықты атмосфералық көңіл-күй сыйлау.

**Түзетушілік жұмыстардың нәтижесін сараптау:**

**Логопед мамандардың жұмыстарын саралау:**

Түзетуші логопед мамандардың жұмысы балалардың жас ерекшелігіне қарай, сөз қорларын молайтып, түзу, анық сөйлеуге үйрету болып табылады:

Анық сөйлеуді дамыту;

- Дыбыстарды дұрыс кою мақсатында артикуляциялық базаны құру (артикуляциялық жаттығу және массаж, тыныс алу жағдайын дамыту);
- Фонематикалық қабылдауды дамыту;
- Сөздің буындық құрылысын дамыту;
- Бағдарламаға сай лексикалық тақырыптар негізінде, қимылды белгілейтін сөздерді айтып, меңгеруде белсенділік жұмыстарын жүргізу;
- Тілдің грамматикалық қатарын дамыту (сан санаты, септіктер);
- Фразалық және байланыстырып сөйлеуді дамыту;
- Жалпы және ұсақ моториканы дамыту;

Түзету ҰОҚ-ң балалармен логопед-маман жүргізеді.

**Шешім:** Барлық түзетушілік жұмыстар 2019-2020 оқу жылы барысындағы перспективті жоспар негізінде жүргізілді. Оқу жылы барысында құрылған топтар және жеке жұмыстар диагностикалық мағлұматқа қарай сабақтар жүргізіледі.

**Ұсыныстар:**

Топтарға бөліп, баланың жеке даму ерекшелігі ескеріліп, жақсы нәтижелі жетістіктерге жету мақсатында жұмыстар одан әрі жүргізілсін.

**Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілген жұмыстың сараптамасы**

Әр баланың даму ерекшелігі ескеріліп, бала бақшаның педагог-мамандарымен жеке бағыттағы жоспар құрылды.

**Инклюзивті білім берудің сүйемелдеуімен құрылған**

**Әдістемелік циклограмма**

(педагогтармен, ата-аналармен, әлеуметтанумен)

Қатысушылар	Қызмет түрлері	Жауаптылар
Әкімшілік, педагогтар	- инклюзивті оқыту мақсатында, психологиялық-педагогикалық жағдай жасау, - МЖБ оқытып, дамыту мақсатында, МДМ қауіпсіз және жайлы жағдай тудырып, педагогтар тарапынан жеке кеңестер беру.	Әкімшілік, педагогтар
Ата-аналар	- ата-аналарға топтық және жеке ақыл-кеңестер беру (заңды тұрғыдағы өкілеттіліктер) дені сау балалардың МЖБ төзімділікпен қарауға тәрбиелеу; - МЖБ ата-аналарына топтық және жеке кеңестер беру (заңды тұлғаларды); - бірлескен сабақтар өткізу (бала, педагог, ата-ана, заңды тұлға).	Тәрбиешілер, Педагог-мамандар, ата-аналар.
Тәрбиеленушілер	- МЖБ төзімділікпен қарауға	Тәрбиешілер, мамандар

	тәрбиелейтін топтық және жеке сабақтар өткізу; - білім беру үрдісінде және режим сәтінде өткізілетін іс-шараларда МЖБ дені сау балалардың көмек қолын ұсынуға, қамқорлық көрсетуге үйретіп, баулу.	
МЖБ тәрбиеленушілер	- ПМПК мамандарымен МЖБ дамуына тексеріс жүргізу; -баланың білім бағытындағы деңгейін тәрбиешімен анықтау; -логопед, психолог мамандармен баланың жеке даму бағытын құру.	Тәрбиешілер, педагог – мамандар, ПМПК

МЖБ бар топта, жеке, белсенді және белгі мақсаттағы қимылды қозғалыстар: ойын, қимылды, театрландырылған, бейнелеу өнеріне, құрастыру және т.б. жасау бағытына барлық жағдай жасалған.

Пәнді-дамыту ортасы түрлі құралдармен, дамытылған ойындармен қамтылған. Ұйымдастырылған және ойын құралдары топтағы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталған. Жиһаздардың орналасуы және ойын және басқа да құралдар техника қауіпсіздігінің, санитарлық-гигиеналық нормаларға сай орналастырылған. Бала бақшада мүмкіндіктерге қарай баланың денсаулығын сақтап, нығайтуға, психикалық және физиологиялық тұрғыдан дамуына барлық жағдайлар жасалған.

**Шешімі:** бала бақшада психологиялық-педагогикалық тұрғыдан МЖБ гармониялық тұрғыдан дамып, жетілуіне барлық жағдай жасалған. Балалардың негізгі даму және түзету қызметіне жұмыстар жүргізілуде. Балалар бағдарламаның материалымен толық қамтылды.

**Ұсыныстар:** балабақша педогогтарымен ата-аналар тарапынан бірлескен жүргізілген жұмыстар одан әрі жалғастырылсын.

#### **МДМ әкімшілік-шаруашылық жұмыстың талдауы**

Мектеп-бақшаның балаларға арналған материалдық-техникалық жабдықтауы және медициналық-әлеуметтік жағдайы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай және денешынықтыру-сауықтыру жұмысын қамтамасыз етеді.

2019-2020 оқу жылы барысында бала бақша қызметін жақсарту барысында мынадай жағдайлар жасалды:

1. Орг.техника 449,0 мың теңге.
2. Құрылыс материалдары 193,7 мың т.
3. Шаруашылық тауарлары 715,8 мың. тг.
4. Канцелярлық тауарлар 1114,5 мың. тг.
5. Жұмсақ инвентарь жалпы сомасы 8999,0 мың. тг.
6. Дәрі-дәрмектер 41,9 мың. тг.
7. Деохлор 258,6 мың. тг.
8. Электр тауарлары 96,4 мың. тг.
9. Ыдыстар 1363,3 мың. тг.
10. Ойыншықтар 915,0 мың. тг.
11. Шаңсорғыш 249,9 мың. тг.
12. Көшеттер 300,0 мың. тг.
13. Көркем әдебиеттер 173,5 мың. тг.
14. Безендіру 394,0 мың. тг.
15. Музыкалық аспаптар 367,0 мың. тг.
16. Жуу құралдары 900,0 мың. тг.
17. Телевизор Адео 2000,0 мың. тг.
18. Видеокамера, домофон 2195,8 мың. тг.
19. Мем. символдары 115,9 мың. тг.
20. Құмжәшік кабинеті 1950,0 мың. тг.
21. Сколодром кабинеті 3289,0 мың. тг.

**Жылдық орындалу деңгейін талдай отырып, балабақша ұжымы келесі қорытындыға келді:**

2019-2020 оқу жылында бала бақша ұжымының жұмыс жасау жоспары әртүлі бағытты болды. Оқу жылы барысында қойылған мақсат, міндеттер толық орындалды, педагогтар білім беру үрдісінде заманауи технологияларды қолданды.

Балалардың денсаулығын сақтап, нығайту барысына көптеген жұмыстар жүргізілуде. Материалдық-техникалық база үнемі жаңартылып, толықтырылуда.

Педагогикалық ұжымның жұмысын қорытындылай келе, балалардың мектепке даярлығы және жас ерекшеліктеріне қарай балалардың даму, жетілу деңгейі жақсы деп айтуға болады.

Білім беру қызметіне жасаған сараптама негізінде анықталғаны, төмендегі бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру:

- балалардың денсаулығын сақтап, нығайту қызметі арқылы жұмыстарды одан әрі жалғастыру;

- интерактивті кабинеттерде жұмыс жасауды жалғастыру;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде балаларды патриоттық рухта тәрбиелеу;

Педагогикалық ұжымның жоспарлы перспективасы бар:

- оқу –тәрбие беру үрдісінде жас мамандардың инновациялық технологияларды қолдануға үйретіп, баулу;

- педагогтардың мультимедиялық және ІТ технологияларын қолдануын жалғастыру.

Жоғарыда көрсетілген мәселермен бірге келесі оқу жылында 2019-2020 оқу жылының мақсатын толығымен орындауға мақсат қоямыз.

Мәселенің анықталуы	Алтын	Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі
Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі	Алтын	Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі
Мәселенің анықталуы	Алтын	Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі
Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі	Алтын	Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі
Мәселенің анықталуы	Алтын	Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі
Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі	Алтын	Мәселенің шешілуіне қол жеткізілуі

**4.Бөлім Салауатты өмір салтын ұйымдастыру (денсаулық күндері, дене шынықтыру демалысы, мерекелер, медициналық-педагогикалық бақылау)**

Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты
Таза ауадағы ойындар «Көңілді старттар»	Қыркүйек	Дене тәрбиесі нұсқаушысы, топ тәрбиешілері
- Топтарда жол жүру ережелерін үйрену бойынша бұрыштарды безендіру (макеттер, ойын аймақтары, атрибуттар, ақпарат). - «Жолдағы қауіпсіздік ережелері» ЖЖЕ бойынша жадынама.	Қазан	Барлық топтардың тәрбиешілері
«Біздің дене бітіміміз» әңгіме	Қараша	Барлық топтардың тәрбиешілер
«Бағдаршам - мейірімді дос» тақырыптық сабағы барлық топтардың тәрбиешілері	Желтоқсан	Барлық топтардың тәрбиешілері
Желілі- рольді ойын: «Жүргізуші» ЖҚЕ бойынша музыкалық-дене шынықтыру ойын-сауығы «Ережелерді сақтасаң дұрыс істейсің»	Қаңтар	Барлық топтардың тәрбиешілері Музыкалық жетекшілер Раева М.М. Алпысова А. Ж. ДШнұсқаушылары Кибатова Б.Ж Гиззатов А.
Көңілді ойнаймыз – денсаулықты нығайтамыз	Ақпан	Мектепалды даярлық және ересектер топтар тәрбиешілері ДШнұсқаушылары Кибатова Б.Ж Гиззатов А.
«Жол әліппесі» тақырыбына суреттерден көрмесі	Ақпан	Мектепалды даярлық және ересектер топтар тәрбиешілері
«Ана, әке, мен-спорттық отбасы» спорттық мерекесі сәуір	Сәуір	дене тәрбиесі бойынша нұсқаушы
- «Кішкентай жаяу жүргіншілер"»мақсатты серуені (мақсаты: жолды жаяу жүргінші позициясынан көрсету, жаяу жүргіншілер өткелі, бағдаршамдар, жол белгілері, жол белгілері және т. б..) Мамыр аға және дайындық топтарының тәрбиешілері, ата-аналар	Мамыр	Мектепалды даярлық және ересектер топтар тәрбиешілері ДШ нұсқаушылары, ата-аналар

**Медициналық-педагогикалық бақылау**

№	Бақылау тақырыбы	Бақылау объектісі	Жауаптылар	8	9	10	11	12	1	2	3	4	5
1	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін топтарда жағдай жасау барлығы	Барлық педагогтар	Меңгеруші шаруашылық меңгерушісінің әдіскері, кәсіподақ комитеті	+					+			+	
